

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



16-18 маусым
Нұр-Сұлтан, 2022

«TURKLANG 2022»

«Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу»
атты X халықаралық конференция
ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

X Международной конференции
«Компьютерная обработка тюркских языков»

«TURKLANG 2022»

PROCEEDINGS

of the X International Conference
on Computer processing of Turkic Languages

«TURKLANG 2022»

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«TURKLANG 2022»
«Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу»
атты X халықаралық конференция
ЕҢБЕКТЕРІ
16-18 маусым 2022 ж.**

**ТРУДЫ
X Международной конференции
«Компьютерная обработка тюркских языков»
«TURKLANG 2022»
16-18 июня 2022 г.**

**PROCEEDINGS
of the X International Conference
on Computer processing of Turkic Languages
«TURKLANG 2022»
16-18 June 2022**

Нұр-Сұлтан, 2022

УДК 80/81:004
ББК 81.2:32-973
Т 90

Техникалық редакция:

Ергеш Б.Ж.
Елибаева Г.К.
Турсынова Н.А.

Т 90 ТҮРКІ ТІЛДЕРІН КОМПЬЮТЕРЛІК ӨНДЕУ. X халықаралық конференция: Еңбектері = КОМПЬЮТЕРНАЯ ОБРАБОТКА ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ. X международная конференция: Труды. / - Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2022.= Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.»

ISBN 978-601-326-645-9

Жинақта «Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу» атты X халықаралық конференция қатысушыларының баяндамалары енген.

Компьютерлік лингвистика бағыты бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және мамандарға арналған.

Жинақ «BR11765535» Қазақ тілі мәдениетін арттыру және функцияларды кеңейту бойынша ғылыми-лингвистикалық негіздер мен IT-ресурстарды әзірлеу» бағдарламасы есебінен жарияланды.

В сборнике представлены доклады участников X международной конференции «Компьютерная обработка тюркских языков».

Предназначен для студентов, магистрантов, докторантов и специалистов специализирующихся в областях компьютерной лингвистика.

Сборник издан за счет средств программы BR11765535 «Разработка научно-лингвистических основ и IT-ресурсов по расширению функций и повышению культуры казахского языка».

УДК 80/81:004
ББК 81.2:32-973

ISBN 978-601-326-645-9

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ**ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ****PLENARY MEETING**

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

филология ғылымдарының докторы

Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

ҚР ҰҒА академигі

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

dikhan.kamzabek@enu.kz

ҚАНЫШ – АЛАШ ҒАЛЫМЫ

2009 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасынан «Қаныш Сәтбаев. Алгебра. Том қаласы, 1924 жыл» атты толымды ғылыми-мәдени мұра 150 таралыммен ғана басылып шықты.

Кітаптың маңдайына «Алаш қайраткерлерінің «Оян, қазақ!» тұжырымдамасына - 100 жыл, Академик Қ.И.Сәтбаевтың туғанына – 110 жыл, Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезіне – 85 жыл» деп жаздық. Осы маңызды даталардың ішінде бүгінгі оқырманға түсініктісі - «110» жыл ғана. Бірақ тарихты жақсы білетін азаматтар көрсетілген деректердің ұлт тарихына және жаңа замандағы қазақ ғылымы мен мәдениетінің мақтанышы саналатын академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа тікелей қатысы барын аңғарады.

Ұлтымыздың азаматтық тарихының бір белесі – Алаш қозғалысы. Әрине, оның бастауы ХІХ ғасы мен ХХ ғасырдың түйіскен тұсы. Бұл ретте осы қозғалыстың манифесіне баланған Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» жинағы – азат Қазақстан үшін аса құнды мұра. Өйткені, аталған еңбекте ел зиялыларының қоғамдық дамуға берген бағасы және тығырықтан шығудың жолы жүйелі түрде көрсетілген. Соның ішінде елдік жауапкершілік пен ғылым-білім бірінші кезекке қойылған. Мектеп жасындағы Қаныш осы рухта өсіп-жетілгені әмбеге аян.

Болашақ академикке баға берген халыққа аса танымал ақын, діндар-ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 20-жылдары былай депті: «Осы күнгі жастарда Қаныш Сәтбаев – адамның жорғасы. Тірі болса,

тірі жүрсе, бақты, талайлы болатын жігіт» («Көп томдық шығармалары», 13-том, 22-бет). Ал осы сөзден кейін Мәшһүрді, халық тілімен айтқанда, әулие емес деп көріңіз!

Қазақтың тағдырын шешкен төңкеріс тұсында Қаныш бар болғаны 20-жаста екен. Оның ағасы Әбікей, басқа да сыйлас-пікірлес аға буыны Алаш қозғалысының жуан ортасында жүрді. Ендеше жігіт Қаныш та олардан бөлек кеткен жоқ.

Осы «Алгебра» жазылатын шамада, 1924 жылы 12-17 маусым күндері Орынборда Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезі (орысша «Первый съезд ученых-казахов») өтті. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы т.б. ұйытқы болған осы жиында оқулық жазу мен ғылымды қалыптастыру мәселесі нақты қарастырылды.

1924 жылы 23 мамырда “Еңбекшіл қазақ” газеті осы жиынның қарайтын мәселесін жариялады. Олар: “1. Қазақ емлесін бірөңкейлеу. 2. Қаріп жағдайын қарастыру. 3. Халық әдебиетінің халін һәм оқылатын пәндерді жоспарлау. 5. Оқу һәм білім кітаптарын көбейту шарасын қарастыру. 6. Қазақ пән сөздері бір болу мәселесі”.

Съезд Орынборда ағарту қызметкерлері ұйымының үйінде өтеді. Жиынды Қазақстан халық ағарту комиссары Н.Зәлиұлы ашты. Оның орынбасары М.Жолдыбайұлы съезге келген кісілерді таныстырады. Олар: Мәскеудегі Күншығыс баспасөз тарататын кіндік ұйымнан – Әлихан Бөкейханұлы мен Нәзір Төрекұлұлы; Бұхарадағы қазақтар атынан – Мырза Наурызбайұлы; Түркістаннан – Халел Досмұхамедұлы мен Ишанғали Арабайұлы; Қазақстанның аймақтық партия комитетінен – Аспандияр Кенжеұлы; Жалпыресейлік кәсіпшілер кеңестер ұйымының қазақ аймағы бөлімінен – Мұхтар Саматаұлы; Орынбордағы қазақ институтынан (КИНО) – Мұхтар Мырзаұлы; Қазақстан халық ағарту комиссариатынан – Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Нұртаза Ералыұлы, Нұғман Зәлиұлы, Молдағали Жолдыбайұлы; Қостанай губернелік оқу бөлімінен – Ерғали Алдоңғарұлы; Семей губернелік оқу бөлімінен – Мәннан Тұрғанбайұлы; Орал губернелік оқу бөлімінен – Нығмет Шағиұлы; Бөкей губернелік оқу бөлімінен – Рүстем Ағыбайұлы; Қазақ аймағын зерттеп, ғылым жиятын қауымнан – Міржақып Дулатұлы; Орынбордағы газет-журнал басқармаларынан – Рақым Сүгірұлы.

Мұнан соң съезд басқармасы сайланды. Олар: Ә.Бөкейханұлы, Н.Зәлиұлы, А.Кенжеұлы, М.Наурызбайұлы, И.Арабайұлы. Басшылар съездің хатшылығына М.Тұрғанбайұлы мен Е.Алдоңғарұлын сайлайды.

Қазақ Білімпаздар съезіі тезге салған күрделі мәселенің ауқымдысы – қазақ тіліндегі пән сөздерінің (терминдердің) жайы болды. Қазіргі таңда қазақ тілі грамматикасында орныққан заңдардың

көбісіне дерлігі білімпаздар тобында сөз етілді. Пән сөздері бойынша баяндама жасаған – Е.Омарұлы. Баяндамада қазақ тіліне тән дыбыстардың үндестік жүйесі, сөзжасамдық қуаты сөз болып, өмірдің сан-саласындағы өзгерістерге сәйкес төл тілімізге еніп жатқан жат сөздерді қалай етене ету, қалай пайдалану хақындағы пайымдар мен ұсыныстар алға тартылды. Ғалым жат сөздердің тігісін жатқызып, сөздік қорымызға қабылдаудың 9 тәсілін көрсетіп берді. Съезд оны қабылдады. Сондағы негізгі шешім мынау: «Пән сөздері ең әуелі қазақ тілінен ізделінеді. Бүтін дүниедегі қауымға бірдей сөздердің қазақшасы табылса, ол пән сөзі әлгі көп ел алған сөзбен жарыстырыла қолданылсын. Қайсысы оңды болады – оны өмір көрсетеді. Қазақ тілінен табылмаған пән сөздері түркі тілінен ізделінсін. Табылса, жатырқаусыз қазақ тілі заңына бағындырылып алынсын. Ал, пән сөзі түркі жұртында да ұшыраспаса, Шығыс немесе Батыс тілдерінен алынып, ана тіліміздің заңына бас идіріп, бұрылып пайдаланылсын».

Бұл шешім 1926 жылы Бакуде болған Түрік Білімпаздары съезінде қолдау тапқанын жақсы білеміз. Мұны баспасөзде Қаныш Сәтбаев та жазды («Қазақ тілі» газеті, 1926 жыл, 19 мамыр). Әйтсе де, осы шешімнен «пантүркілік» астар, «түркілік томаға-тұйықтық» іздеушілер болды...

Қазақ Білімпаздары пән сөздерін қадағалайтын комиссия (қазіргіше терминком) құру қажет деп, қаулы қабылдады. Ол бойынша комиссияда әр салаға қатысты секциялар болу керек. Әрбір секция өз саласында тапқан сөздерін комиссияның ғылым кеңесі алдына қоюға міндетті. Секциялар пән сөздерімен жұртты мәшһүр етуге, ол жөнінде ғалымдардың пікіріне құлақ қоюға ынталы болуға тиіс.

Пән сөздері туралы шараларды көрсетіп бергеннен кейінгі Білімпаздар тобының қараған ісі, алдын-ала хабарланғандай, “Бастауыш мектептерде оқылатын пәндерді жоспарлау” делінген тақырыптан асып кетіп, жалпы оқу-ағарту жүйесінің құрылымын қамтыды. Бұл туралы Т.Шонанұлы баяндама жасады.

Съезд уәкілдері оқу-ағарту жүйесін тексеретін, біліми-әдістемелік оқулықтарды сараптайтын, жоғары мектеп пен бастауыш оқу орындарының мақсатнамаларын електен өткізетін комиссия құрылсын деп ұсыныс ендірді. Жасақталған комиссия осы отырыста ағартуға мамандандырылған оқу орындарының: институттар мен техникумдардың, негізгі және пысықтауыш курстардың, 7 жылдық пен 4 жылдық мектептердің жүйесі хақында қаулылар шығарады. Онда әрбір ағарту орнының оқу мерзімі, негізгі пән мен қосалқы пән қай уақытта жүргізілуі керектігі, мамандарды қалай бөлу айтылған. Бұл қаулының кейбір баптары әлі де зәрулігін жойған жоқ. Мысалы,

“Барлық техникумдардың програмы бірөңкей болмауы керек”, “Институттар үлкен өлкелерде болады”, “Оқу ана тілінде болады”, “Амалсыз кездерде жоғары бөлімдерде оқуды орыс тілінде жүргізуге бөгет болмасын”, “Отырықшы халықтың мектебі бір жерде тұрады”, “Көшпелі елдің мектебі өздерімен бірге көшіп жүреді”, “Көшпелі елдің, иа қыстауы бытыраңқы, иа там-үйі жоқ елдерде оқу мезгілі жергілікті жағдайға қарай болады”.

Іргелі ел болуға ниеттенген жұрт әліппесін, бастауыш мектебін түзейтінін ұққан топқа келген уәкілдер бастауыш мектеп оқуын жоспарлауға жіті көңіл аударады. “Өтілетін барлық пәндердің: шама тілінің (математика), ана тілінің, тұрмыс жүйесі ғылымының (тарих пен қоғамтану), табиғаттанудың, жертанудың, сүгірет салудың жоспары келеге салынып, “мазмұны тұрмысқа жуық, баларға ұғымды, ауыр емес етіп” бекітілді. Жоспар талқыға түскенде, ана тілі бағдарламасы қазқалпында қалдырылып, қалғандарына түзетулер ендірілді.

Сиездің оқу-білім кітаптарын көбейту үшін түрлі шараларды белгілеуге арналған отырысы да Білімпаздар тобының маңызын арттырды. Мәжілісте баяндама жасаған – М.Мырзаұлы. Қазақ халыққа білім беру институтының (КИНО) басшысы болған баяндамашы ана тіліндегі білім кітаптарының тілі, мазмұны, құрылымы жағынан әлі де болса кемшін екеніне тоқталып, алаш балаларының рухани жетілуіне жәрдемдесетін оқулықтар мен нұсқаулықтарды, ғылымға негізделген жинақтарды даярлау жөнінде төмендегі шараларды үкіметке ұсынды:

“а) Әдебиет жұмысы (әңгіме оқу кітаптары жөнінде болып отыр – Д.Қ.) төтенше жұмыс ретінде табылсын.

ә) Қазақстан орталығында жігерлі, қолдарынан іс келетін азаматтардан Кеңес сайлансын. Ол Кеңестің міндеттері мыналар болсын: 1) Әдебиет жұмысының ретін, бағытын тексеріп, жазушыларға басшылық қылып, жөн көрсету; 2) Баспасөз мекемелерінің жұмыстарын ынтымақтастырып, кем істерін жоюға шаралар қолдану; 3) Жазушылардың басын қосып отыру және соларды қамсыздандыру шаралары; 4) Кеңестің осы айтқан міндеттерін орындай аларлық арнаулы қаржысы болуға тиіс. Жетпеген қаржы өкіметтен сұралсын; 5) Кітаптардың кезектік ретімен, алдымен мектеп құралдары түгенделсін деген нұсқау берілсін. Содан кейін негізгі пәндерден мағлұмат берерлік жәрдемші кітаптар аударылсын; 6) Жалпы ел үшін денсаулық, тазалық, шаруа, тұрмыс жайларынан, қазақ тарихынан кітаптар аударылатын болсын. Орысшадан тек қазаққа үйлесетін реттеріндегі өзгерістермен ғана аударылсын; 7) Жалғыз бұл шаралармен ғана тынбай, жәрдемші ретінде білім әдебиетін көбейту туралы түрлі қауымдар, серіктер

ашылып отыратын болсын. Бұларға үкіметтен, партиядан түрлі жеңілдіктер, жәрдемдер берілсін”.

Әрине, біз бүгін тарихымыз бен тағдырымыз үшін Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезінің орнын дұрыс бағамдауымыз қажет. Мұнда дәл қазір де көкейкесті рухани-мәдени, ғылыми-біліми жайттардың шешілу жолы айтылды. Ал, енді кейін оның дұрыс және жүйелі орындалмауының себебі – ұлт зиялыларының репрессиялануы байланысты.

Қазақстанда ұлттық ғылым тілі қазір қалыптасу кезеңін бастап кешіріп отыр. Ал, оның тууы ХХ ғасырдың 10-30 жылдар аралығын қамтиды. Бізде ғылым тілі алғашқы оқулықтардың шығуымен, әр сала бойынша танымдық, әліппе іспеттес еңбектердің жариялануымен қабат пайда болды.

Әдеби тіл мен ғылым тілі бір емес. Соңғысы әбден сарапталған, нақтылықты, дәлдікті қажет ететін, тұжырымдалған аталым-терминдерге иек артатын тіл. Сондықтан бұл тілдің туу процесі оңайлыққа түспегені айқын.

20-жылдардың басында А.Байтұрсынұлы жетекшілік ететін Халық ағарту комиссариаты сол шақтың оқығандарына ғылымның әр саласынан оқулық жазу мен орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттерді аудару жөнінде тапсырыс берді. Нәтижесінде Х.Досмұхамедұлы – анатомия, зоология, М.Дулатұлы, С.Қожанұлы, Ә.Ермекұлы, Қ.Сәтбайұлы – математика, алгебра, Т.Шонанұлы – география, тарих, М.Жұмабайұлы – педагогика, Ж.Аймауытұлы – психология, Қ.Кемеңгерұлы – химия, тіл, тарих, Ж.Күдеріұлы – тіл, әдебиет, мәдениет, Ә.Бөкейханұлы – астрономия, география, М.Әуезұлы – әдебиет, С.Садуақасұлы – театртану, А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төрекұлұлы – тіл саласынан еңбектер жазды (ол кезде фамилия соңына «ұлы» қосымшасы жалғанған және ол жоғарыда аталған съезде бекітілген). Бұл тізім, әрине, толық емес. 30-жылдардың соңында жоғарыда аты аталған авторлардың бәрі дерлік репрессияланды. "Халық жауы" атанған олардың араб харпіндегі еңбектері қайта жарық көрмеді. Бірақ олар қалыптастырған, пайдаланған терминдер ғылыми тілімізде орныға бастады. Сонымен бірге сол зиялылар шешуге ғұмыры жетпей кеткен проблемалар осы күнге дейін күн тәртібінде тұр. Өйткені қазақ ғылыми тілі проблемасын әр саланың мамандарын қатыстыра отырып қарастырған басқосу 1924 жылдан кейін өткізілген жоқ. Кеңес тұсында ғылыми тілдің көп мәселесі бір жақты шешілді. Алаш тағылымына жан-жақты тыйым салынғанда, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан үшін аса күрделі кезең басталғаны рас. Ғылым академиясының Тіл білімі институты ғылым тілінің практикалық қолданысы проблемасымен

шұғылдана алмады. Сондықтан қазір "бізде ғылым тілін жүйелендірдік" деп айту әлі ерте. Дұрысы, біз сол үшін күресіп жатырмыз. Сондай-ақ Қаныш Сәтбаевтың «Алгебрасы» сынды мұралар – осы жолда бізге үлкен таяныш.

Ізденуші-әдіскер жас Қаныш бұл оқулықты Том қаласында студент болып жүрген кезде жазды (Байқайсыздар ма, ол бүгінгілер секілді «Томск» демейді, «Том» дейді. Айтқандайын, қазір кейбір білгіштердің Омбыға ұқсатып, «Томбы» деп жүргені де ұшырасады. Бірақ қазақ тілінің заңы мен тарихы «Том»-ды қолдайды).

Жұмыста кездесетін әлпет (выражение), қоспа (слагаемое), өрнек (формула), шама (величина), қосынды (сумма), үдеме дәреже (восходящая степень), азба дәреже (нисходящая степень), пропорция (тең ара), түйін (теорема), берен (функция), белдік (ось), жік (грань) дәуірлеу (прогрессия), өріс (радиус), тек (элемент), шоғыр (комплекс), өре (диаметер), нағыз (натуральный), жасалым (устройством) т.б. аталымдар А.Байтұрсынұлы қалыптастырған ұлттық ғылыми терминдердің өресінен табылады. Халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жиып, өрнектеп қолданған қара сөзін «шекпен кигізіп, өзіне қайтарған» мұндай талап – дамуға бағыт алған әлемнің барлық тіліне де ортақ қасиет. Осы жолда Ахмет көшбасшы болса, Қаныштар мұны салаландарды. Жас ғалымның Алашқа, елге адалдығы осыдан көрінеді.

1924 жылы жазылған «Алгебраның» бүгінгі кирил қарпіндегі нұсқасын оқыған адам рим және араб цифрларының кейінгі «ыншы», «інші» қосымшаларға да таңдануы мүмкін. Қазіргі жазуымызда «-» (дефис) осы қосымшалардың орнына жүреді және рим цифрынан кейін сызықша қойылмайды. Сондықтан жазуымыздың тарихын білу үшін де біз әлгі қосымшаларды сақтадық.

Бұл 85 жылдық тарихы бар кітапты жариялағанда академик Мұхтарбай Өтелбаев бастаған ЕҰҰ ғалымдары (латын қарпіндегі нұсқасынан даярлағандар: Р.Ойнарұлы, Ә.Түнғатаров, О.Қашқынбаев, А.Ибатов, Қ.Мырзатаева, Л.Жапсарбаева, М.Алдай, А.Абылаева, З.Әбдіқалықова; араб қарпіндегі нұсқасымен салыстырған: Д.Мықтыбек), Кәкімбек Салықов ұйыстырған қаныштанушы қайраткерлер оның мәдени-тарихи құндылығын ескерді. Осы еңбек бүгінгі «нақты ғылымдар қазақшаланбайды!» дейтін кері кеткен пікірдің күлін көкке ұшырады деп есептейміз.

Ғылым мен білімдегі Алаш рухы, зиялыларымыздың сөзімен айтқанда, «күн сөнгенше сөнбейтіні» ақиқат. Осыны зерделеп, дамыту жолында Алла бәрімізге күш-қуат, парасат бергей.